

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 4-5/223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 маусымда № 11366 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 15 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 24 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 4-5/223 бұйрығымен
бекітілген

**Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер
көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және
оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
15.04.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Р/ с №	Біліктілік талаптары	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1	Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу	Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу шартының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған)	
2	Мақта қолхаттарын беруді есепке алу*		Осы талаптарға сәйкестікті лицензиар 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137-бабына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді

3	Меншік құқығында мақта тазалау зауытының бар-жоғы	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	Көрсетілетін қызметті беруші " Жылжымайтын мүлік тіркелімі " мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесінен алады
4	Мақта тазалау зауытында: кемінде бір мақта қабылдау пунктін; шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдықтың; таرازы жабдығының; желдету жабдығының; тиеу-түсіру механизмдерінің; өрт сөндіру құралдарының; мақтаның сапасын анықтауға арналған өндірістік-технологиялық зертхананың; мақтаны сақтауға арналған арнайы бөлінген орынның бар-жоғы	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	Осы талаптарға сәйкестікті лицензиар Кодекстің 137-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді
5	Мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінде: шитті мақтаны қоймаға жинауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаңның; таرازы жабдығының; желдету жабдығының; өрт сөндіру құралдарының; сынамаларды іріктеуге және шитті мақтаның сапасын анықтауға арналған зертханалық жабдықтың; тиеу-түсіру механизмдерінің бар-жоғы	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	Осы талаптарға сәйкестікті лицензиар Кодекстің 137-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді
6	Мақта тазалау зауытында, сондай-ақ мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінде өткізу режимінің және аумағында қоршаудың бар-жоғы	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	Осы талаптарға сәйкестікті лицензиар Кодекстің 137-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді
	Тиісті білімі бар (басшылар үшін – жоғары техникалық немесе технологиялық білім, мамандар үшін – ортадан кейінгі (	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер	Осы талаптарға сәйкестікті лицензиар Кодекстің 137-

7	техникалық немесе технологиялық) білім) техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы	көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді
---	---	---	--

Ескертпе: *осы біліктілік талабына лицензиаттың сәйкестігін тексеру лицензиялық бақылау барысында жүзеге асырылады.

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына қосымша

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу шартының нөмірі және күні _____
 Жылжымайтын объектінің кадастрлік нөмірі _____
 Жылжымайтын объектінің мекенжайы _____

_____ Мүлік иесі (құқығын иеленуші) _____

_____ Құқықтың пайда болуының негізі _____

_____ Мақта тазалау зауытында бар-жоғы туралы мәліметтер:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	20__ жылғы " __ " ____ бар-жоғы	Жай-күйі
1	2	3	4
Мақта қабылдау пункті	дана		
Шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өңдеу бойынша технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдық	сағатына дана/ тонна		
Таразы жабдығы	дана		
Желдету жабдығы	дана		
Тиеу-түсіру механизмдері	дана		
Мақтаның сапасын анықтауға арналған өндірістік-технологиялық зертхана	дана		
Мақтаны сақтауға арналған арнайы бөлінген орын			
Өрт сөндіру құралдары	дана		

Мақта тазалау зауыты орналасқан жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінде бар-жоғы туралы мәліметтер:

--	--	--	--

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	20__ жылғы " __ " _____ _ бар-жоғы	Жай-күйі
1	2	3	4
Шитті мақтаны қоймаға жинауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаң	шаршы метр		
Таразы жабдығы	дана		
Шитті мақтаның сынамаларын іріктеуге және сапасын анықтауға арналған зертханалық жабдық	сағатына дана/тонна		
Тиеу-түсіру механизмдері	дана		
Желдету жабдығы	дана		
Өрт сөндіру құралдары	дана		

Мақта тазалау зауытында, сондай-ақ мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінде мыналардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

өткізу режимі, аумақ қоршауы _____

—

қоршау құрылыстары _____

Тиісті білімі бар техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер:

Р/с №	Маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Білімі бойынша мамандығы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5